

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік
комитетіҚазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті Төрағасының
2024 жылғы 7 тамыздағы № 111/ке
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2024 жылғы 8
тамызда № 34907 болып тіркелдіКомитет национальной безопасности Республики
Казахстан


«Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 34 /ке бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 34/ке бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20609 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген «Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

5-тармақтың бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

«Көрсетілетін қызметті беруші, өтініш берушінің құжаттарын алған кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолы қойылған электронды құжат түрінде қайта ресімделген лицензияны не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізге сәйкес лицензия беруден бас тартуға дәлелді жауап дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының порталындағы «жеке кабинетіне» жолдайды.»;

аталған бұйрықпен бекітілген «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

5-тармақтың бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілетін қызметті беруші, өтініш берушінің құжаттарын алған кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолы қойылған электронды құжат түрінде қайта ресімделген лицензияны не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізге сәйкес лицензия беруден бас тартуға дәлелді жауап дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының порталындағы «жеке кабинетіне» жолдайды.»;

аталған бұйрықпен бекітілген «Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

5-тармақтың бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушінің құжаттарын алған кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде, лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолы қойылған электронды құжат түрінде қайта ресімделген лицензияны не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізге сәйкес лицензия беруден бас тартуға дәлелді жауап дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының порталындағы «жеке кабинетіне» жолдайды.»;

аталған бұйрықпен бекітілген «Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақпарат және киберқауіпсіздік қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы**

**Е.
Сагимбаев**

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының

2024 жылғы 7 тамыздағы

№ 111/ке

бұйрығына қосымша/

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы

«__» _____ №__ бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті Төрағасының

2022 жылғы «__» _____

№__ бұйрығымен

бекітілген «Тауарларды ақпаратты
криптографиялық қорғау
құралдарына және жедел-іздістіру
іс-шараларын жүргізуге арналған
арнайы техникалық құралдарға
жатқызу тұрғысынан техникалық
зерттеу бойынша қорытынды беру»
мемлекеттік қызмет

көрсету қағидаларына

2-қосымша

Нысан

**Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына
және жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық
құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізу бойынша
қорытынды**

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда))

20__ жылғы «__» _____ № KZ _____ өтініші
бойынша ұсынылған техникалық құжаттарды тексеру негізінде, тауарларды
ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздістіру іс-
шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатуын анықтау
мақсатында, келесідей қорытынды берілді:

Р /с №	Бұйым- ның ата- уы	Мо- делі	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің біры- нғай тауарлық номенклатурасының коды	Техникалық зерттеу қорытындысы

Қорытындының қолданыс мерзімі: мерзімі шектеусіз

Уәкілетті адам _____
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)
Берілген күні 20__ жылғы «__» _____

- ¹ 1) техникалық сипаттамасының толық болмауы
- 2) тауар
жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға
және ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына жатпайды;
- 3) тауар
жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға
жатады, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына жатпайды;
- 4) тауар
жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға
жатады, әкелу немесе әкету ұлттық қауіпсіздікке залал келтіруі мүмкін;
- 5) тауар
ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына жатады, жедел-іздістіру
іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатпайды;
- 6) тауар нотификациялауға
жататын ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына жатады;
- 7) тауар Жедел-іздістіру
іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды, ақпаратты

криптографиялық қорғау құралдарын әкелу/әкету ережелерінің 2.17, 2.19-
тізбелеріне
жатпайды.